



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 110 (8496) Сенбі 19 қараша 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ӨНДІРІСІ ӨРКЕН ЖАҰҒАН

АУДАНЫМЫЗДА ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКТОРЫ АРМАН ҚАЙРАТҰЛЫ ЕВНИЕВ ІССАПАРМЕН БОЛДЫ

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Егемендік алған 25 жыл ішінде еліміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Мемлекетімізде мектептер мен балабақшалар, мәдениет ошақтары бой көтеріп, қаланы былай қойғанда, аудан орталықтары мен ауылдар абаттандырылып, көріктене түсті. Ауылшаруашылығы саласы қарқынды дамып, өндіріс орындары жанданды.

Байзақ ауданы – негізінен аграрлық бағыттағы аймақ. Елдімекенімізде егін шаруашылығында өндірілген өнім көлемі мен гектар түсімі жыл сайын артуда. Сонымен қатар, жедел индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасына баса назар аударған ауданымызда уақыт талабына сай өндіріс өркен жая бастады.

Кеше, ауданымызға арнайы іс-сапармен Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Арман Евниев келді. Арман Қайратұлы әуелі ауданымызға қарасты Қызылжүлдіз елдімекеніндегі «Rola-7» ЖШС-не атбасын бұрды. Макаронның отызға тарта түрін шығаратын өндіріс орнының өнімдерін бүгінде тек біздің ел тұрғындары тұтынып қоймай, көршілес Қытай, Ресей мемлекеттері қызығушылық танытып отыр екен.

Серіктестік басшысы Тұрсынбек Нұрбаев арнайы келген қонақтарға мекеменің құрылу тарихы, меншік иесі, негізгі айналысатын кәсібі, онда жұмыс істейтін жұмысшылар саны, өндіріс орны тарапынан қызметкерлерге көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмектер, өндірілетін өнім түрлері, олардың өтімділігі, бағасы, сапасы, қажетті шикізат мәселелері жайында кеңінен мәлімет беріп, цехтарды аралатып көрсетті. Ал, ең маңыздысы еліміздің ұлық мерекесі қарсаңында «Rola» маркасымен шығатын макаронның түрлері тағы оншақты өніммен толықпақшы екен. Бұл үшін бүгінде



қызу жұмыстар қолға алына бастаған. Яғни, арнайы лағман цехы ашылып, онда тиісті құрылғылар орнатылып, жұмысшылар қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Өндірісі өрге домалаған «Rola-7»-нің осындай оңды істерін өз көзімен көрген ҚР Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы оған жоғары баға беріп, болашақта да жұмыстарының жандана түсуіне тілектестігін білдіріп, келесі нысанға аттанды.

Келесі нысан, осыдан бірер жыл бұрын жеке кәсіпкер Алтынбек Жәмішжановтың бастамасымен Бәйтерек ауылдық округінде ашылған «Еңлік» балабақшасы. 75 орындық

балалар үйіне кіргеннен-ақ сәбилердің сынғырлаған күлкісі естілді. Кіші, орта және «Бәйтерек» топтарында тәрбиеленіп жатқан балалар үш тілде ән айтып, өлең оқығаны қонақтарға ерекше әсер етті.

Ал, бұл уақытта Сарыкемер орта мектебінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Тәуелсіздік-шынына» концерттік бағдарламасы ұйымдастырылып жатты. Мерекелік шараның үстінен түскен А.Евниев аталмыш білім ошағындағы кітапхананы, акт залын, спорт кешенін аралап көріп, тілек кітабына өзінің қолтаңбасын қалдырды.

Мұнан кейін Арман Қайратұлы Дикан

ауылдық округіндегі ең ірі қожалық- «Талап» шаруа қожалығына табан тіреді.

Тамшылатып суару технологиясы бойынша 2,5 гектар алқапқа жылыжай орналастырып, онда қияр егіп отырған «Талаптың» талабы таудай. Шаруашылық басшысы Мауыт Фазуловтың айтуынша мұндағы жылыжай кешені Оңтүстік Кореялық «JD AQRO» компаниясының ұсынысымен тұрғызылған және ондағы құрылғылар асбестті құбырлардан жасалған. Үйшіктер үш қабатты пленка жабындыларымен жабылса, жылыжай кешені газбен жылытылып, жарықпен қамтамасыз етілген. Жайнаған жылыжай жұмысына жергілікті тұрғындардан 30 адам қызметке тартылған. Маусымына 100-150 тонна өнім өндіретін «Талаптың» қиярлары Тараз қаласы мен облыс аудандарының дүкендері, сауда үйлерінің серелерінен орын алған.

Байзақта білім саласын дамытуға да айрықша көңіл бөлініп келеді. Өңіріміздегі Түймекент елдімекенінде «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында бой көтерген №1 орта мектепте болған ҚР Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Арман Евниев білім ошағындағы ағылшын, химия-биология, информатика сыныптарының жабдықтауын сұрастырып, оқушылардың дәрістеріне қатысты.


- «Болашақ – білімділердің қолында. Мемлекетімізде жастарымыздың білім алуына барлық жағдайлар қарастырылған. Соның айғағы заманауи үлгіде салынып, қолдануға берілген сендердің білім ошақтарың. Сондықтан осы мүмкіншіліктерді пайдаланып, жақсы оқуға ұмтылыңдар» деген мемлекеттік инспектор, жастармен еркін ой алысып, пікірлерін тыңдады.

ҚР Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Арман Евниевтің аудандағы іс-сапары «Батыс Европа- Батыс Қытай» автокөлігі дәлізінің бойында орналасқан «Таудос» сервистік орталығында жалғасты.

Іссапар кезінде мемлекеттік инспектордың жанында аудан әкімі М. Шүкеев еріп жүрді.

АҚПАРАТТЫҚ АВТОКЕРУЕН

ауыл тұрғындарының мерейін өсіріп тастады



Биыл Тәуелсіздіктің 25 жылдығы. Ширек ғасырда егемен елімізде атқарылған игі істермен қатар тәуелсіздікті тұғырлы, мемлекеттілігімізді ғұмырлы ету, көпұлтты елімізде ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісімді әспеттеп, тәуелсіздік жылдары қол жеткізген табыстарды насихаттауды мақсат еткен аудандық ақпараттық автокеруен алдымен Ботамойнақ, одан соң Дихан және Түймекент ауылдық округтерінде болды.

«Тәуелсіздікке 25 жыл» атты ақпараттық автокеруенді аталмыш округтің тұрғындары жылы шырайымен қарсы алды.

Ел Тәуелсіздігіне арналған шараны аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ә. Омаров ашып, тәуелсіздік жылдары ауданымыздың қол жеткізген табыстарына тоқталды. Одан соң сөз алған Ботамойнақ ауылдық ардагерлер алқасының мүшесі П.Айтымбетова, Дихан

және Түймекент ауылдық ардагерлер алқасының төрағалары Қ. Бисенбеков пен О. Бозай тәуелсіздік жылдарында ауылдық округтерде атқарылған игілікті істерді сөз ете отырып, ел бірлігі мен татулықты сақтау, тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы үшін қызмет істеу әр адамның парызы екенін жеткізді. Дихан ауылдық округінің әкімі Қ. Исмайл тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен жетістіктері, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және «Бірлік пен жасампаздықтың 25 жылы» аясында өтіп жатқан шаралардың маңыздылығын еңгімеледі.

Осыдан 25 жыл бұрын дүниеге келген сәби қазіргі кезде атпал азаматқа айналды. Бұл күндері әр салада еңбек етіп, елдің дамуына өз үлесін қосып жатқан тәуелсіздіктің төл құрдастары

жеткілікті. Дикандық А. Мынта-сова, түймекенттік Ж. Айтуғанов тәуелсіздік-басты құндылық екендігін,туған жерге, тәуелсіз елге қызмет етудің маңызын сөз етті.

Одан соң жергілікті өңірдің өнерпаздары концерттік бағдарламасын ұсынды. Ботамойнақ ауылдық округіндегі «Балдәурен» ансамблінің орындауында «Ақсақ киік» күйі ерекше шабытпен орындалды. Жас өңші Ж. Тасболат «Елге сәлем» және «Нұр Отан» әндерін әуелете шырқады. Сондай-ақ, С.Абланов атындағы мектеп оқушыларының қолөнер туындыларынан жасақталған көрме көпшіліктің назарын бірден аудартты.

Аудандық аурухананың дәрігерлері, атап айтқанда хирург Ж. Сарманбек, терапевт Ф. Ма-

мышева, фельдшер Ә. Рәпілбековтер ауыл тұрғындарының денсаулығын тексеріп, тиісті кеңестерін беріп жатты. Ұлттық ойындар асық ату, арқан тартудан жарыс өтіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінен жәрмеңкеде де ұйымдастырылды.

Аудан әкімі ішкі саясат бөлімінің ұйытқы болуымен өтіп жатқан «Тәуелсіздікке-25 жыл» ақпараттық керуеннің мақсаты мен міндетіне тоқталған аталмыш бөлімнің басшысы М.Махамбетов егемендіктің



25 жылдығына арналып, ұйымдастырылып өтіп жатқан керуеннің мақсатына тоқталып, тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерге арналған жылжымалы көрмемен жан-жақты танысудың маңызын айтып, тәуелсіздік құндылықтары

жайында тереңнен толғап сөз сөйледі. Аудандық «Ауыл жаңалығы»- «Сельская новь» газеті ЖШС-нің Директоры Б.Жақсымбетов те тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына Байзақ өңірінің, соның ішінде, елдімекендердің қосқан үлесі және жетістіктері жөнінде қысқаша ақпарат берді.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында өтіп жатқан ақпараттық автокеруен аясында тәуелсіздік жетістіктерін ұлықтаған көрмелер ұйымдастырылып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен жалғызбалалы қарттарға көмектер берілді.

Өз тілшіміз.



ҚАСТЕРЛЕГЕН ЕҢБЕКТЕГІ ЕРЛІКТІ,

ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР

Мұратхан ШҮКЕЕВ,
Байзақ ауданының әкімі.

Береке дарыған Байзақ жерінен әр кезеңдерде республика мен облыстағы тұңғыш Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің тұңғыш депутаты, Олимпиада чемпионы, кешегі Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының Батыры, бейбіт күнде “Халық қаһарманы” шыққандығы тарихтан белгілі. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңына таман, Байзақ ауданы өз алдына отау тіккенде қант қызылшасынан мол өнім алып, елін қуантып, атақтары алысқа кеткен аға-апаларымыздың ұлағатты істері мен есімдері ешуақытта ұмытылмайды.

Сол жылдары ауданның топырағынан отызға жуық Еңбек Ері шыққан болатын. Солардың бірі-үлкен жүректі, кеудесі алтын сандық, Байзақ ауданының Құрметті азаматы Мәрзия Ибрагимова.

Маңдай терін төге жүріп, ер азаматтармен қатар иық тірестіріп, дала төсінде таңда таңға ұрып, қант қызылшасынан рекордтық өнім алып, тәтті түбір өсірудің нағыз шебері атанған Мәрзия анамыз-абырой да, бақта, атақ та, даңқ та-адал еңбекте екендігін дәлелдейді.

Еңбегімен құрметке бөленіп, бақытқа кенелген Мәрзия Рысбайқызына атақ абырой әперіп, даңқын өңірімізге, бүкіл республикаға паш еткен құдіретті күш-еңбек, маңдай тер! Бізге еңбектен, тілегі — халықтан нар алған, жүрегі ұрпағым деп тебіренген асыл анамыз бүгін 98 жасқа келіп отыр.

“Қарияларымыз-халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың қадірлі қазынасы” деп Елбасы айтқандай, ақыл-парасатымен, кемеңгерлігімен дараланып, қарапайым еңбектің мәртебесін биіктеткен Мәрзия анамыздың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі. Еңбегінің арқасында елдің, ауылдың, өңірдің даңқын асырып, абыройын асқақтатқан, жұлдызды анамызды үлкен қуанышымен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасының бақытын тілеймін. Ұл-қыздарынан тараған немере, шөбере, шөпшектерінің ортасында бақытты ғұмыр кеше беріңіз.

Қасқырбай НАРБАТЫР
ақын.

МАҒЫНАЛЫ ҰЗАҚ ҒҰМЫР ИЕСІ

(М.Ибрагимоваға)

Пейілі кең Мәрзия ана, нұрлы асыл,
Кейінгіден керек пірің, тыңда сыр.
Туабітті тегін кісі емессіз,
Тегін адам жасай алмас бір ғасыр.

Еңбек сүйген баталыға бақ сыңар,
Саулығыңды жақын тұрмақ жат сұрар
Өнегенің мектебі гой өмірде,
Өзіңіздей өзгермейтін жақсылар.

Болсын осы халыққа деп, көпке деп,
Қиындықпен алыстың сан бетпе-бет.
Маржан шаптың мағыналы үлгіде
Осы жасқа тұрған жоқсыз текке кеп.

Жастық шағың толғағанға жыр қалың,
Қыздырғансыз адал еңбек қырманын
Көлден аққан маңдай термен бірге ақты
Қызылшаның алқабында жылдарың.

Сізден асып шықпақ бүгін төрге кім,
Аңызға жүк еткен ісің, көргенің,
Қазақ қызы қандай болу керекің
Айғақтауда сенің Алтын орденің.

Ақ жасулығың кір шалмаған анасын,
Сіз шыққан шын-аласармас дара шын.
Бүгін міне, жүзге жеткен шағыңда
Алақанға ап көтеруде Алашын.

Ақ шапшының түспесе деп бір талы,
Тілеуіңді тілей бермек жүртті әлі.
Кеуде кереметіміз — біз гой деп
Батыр ана Мәрзияның ұрпағы.

Қашанда да орны оқшау озаттың,
Тағлымы мол тағдырыңыз ғажап тым.
Сіздей асыл анаменен молаймақ
Бақыты да, нәсібі де қазақтың!

МӘРЗИЯ АПАМЫЗДЫҢ ҰЛАҒАТЫ

НЕМЕСЕ ТАҒДЫРЫ ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН БАТЫР АНА ХАҚЫНДА

Бабалары батыр,
аналары батыр халқымыз бар”.
Н. Ә. НАЗАРБАЕВ.

Оңласын ЕСІРКЕПОВ,
«Байзақ ата» қоғамдық
қорының төрағасы, Тараз қаласы
мен Байзақ ауданының Құрметті
азаматы.

Жамбыл облысында қант қызылшасы дақылдан жаппай өсіру ісі 1934 жылы қолға алынғаны тарихтан белгілі. Сол кездегі Свердлов (қазіргі Байзақ), Меркі, Луговой (Т.Рысқұлов), Жамбыл аудандарында жаңа істі тез-ақ игеріп, жылдар өте, төжірибе жинақтай келе рекордтық өнім алғандар шыға бастады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1948 жылғы 28 наурыздағы Жарлығымен бір ғана «Қызыл жұлдыз» ұжымшарынан жеті адамға, бейбіт еңбектегілер үшін, сол кезеңдегі ең жоғары марапат-Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Өлкемізде өңіріне алғашқы болып алтын жұлдыз тағылғандар ретінде есімдері облыс тарихына жазулы осы жеті еңбеккердің бірі - Мәрзия Ибрагимова бүгінде ортамызда аман-сау, балалары мен немере-шөберелерінің қамқорлығына бөленіп отыр.

Күні ертең сегіз мүшелін-98 жасқа толғанып тойлайтын апамыз әлі тын, жады мықты. Осынау ғасырға тең ұзақ ғұмырында басынан өткергендері, отызыншы жылдардағы алапат аштық пен кешегі сұрапыл соғыс жылдары елмен бірге көрген небір азап пен қиыншылықтар туралы айтқандарын тыңдау үлкен әсерге бөлейді...

Тұлымшакты қыз кезінде қуыршақ ойынап, ешнәрседен тарықпай өскен Мәрзия апамыздың кіндігі 1918 жылы Ақыртасқа таяу “Ұзынбұлақ” деп аталатын жерде кесіліпті. Бұл өңірді батыр әрі әулие, есімі тарихи жырларда Абылай ханның жорықтас сәнімі серігі қатарында аталатын бабамыз Мәмбет Күнбасұлының ұрпақтары жайлаған. Солардың бірі -Мәрзия апамыздың әкесі Рысбай өз заманының малды, дәулетті кісілерінің бірі болған деседі.

Қазақ даласына орасан зор ауыртпалықтар әкелген 1928 жылы жүргізілген байлардың мал-мүлкін тәркілеу, өздерін өзге өңірлерге жер аудару, одан кейінгі халық қынадай қырылған аштық, күштеп ұжымдастыру, берекелі де мамыражай күн кешіп келе жатқан бақуатты отбасының шаңырағын ортасына түсіреді. Әсіресе бесенділер бар малын сыпырып алып қана қоймай, қол-аяғын кісендеп еткен әкесі сол бойы хабарсыз кетеді. Анасы, аға-інілері 1932 жылғы ашаршылықтың құрбаны болады. Бір үйдегі 15 баладан жалғыз өзі аман қалған жас қыздың басына түскен қасірет-қайғының салмағы зіл батпан ауыр еді. Егер, нағашы атасы Сарымбек пен оның әйелі Сара панасыз қалған жандарын өз қолдарына алмағанда жас ғұмыры үсікке ұрынған гүлдей ерте солары сөзсіз-ді.

Қай қазақтың болмасын қиындық көрсе сүйенері — нағашы жұрты гой. Бір әулеттен қалған жалғыз тұяқ Мәрзия апамызды Қостөбе ауылындағы нағашылары заманның таршылығы мен қиыншылығына қарамастан өз қыздарынан кем етпей өсіреді. Басына түскен қайғы-қасірет ерте есейткен апамыз да оларға көмекін тигізуді ойлап, ұжымшарға мүше болып кіріп, еңбекке араласады.

Қаланың дәл іргесіндегі Қостөбе аталатын ауылда 1929 жылы құрылған, қаланың кендір өндіретін зауытын шикізатпен қамтамасыз ету үшін кендір, мақта, басқа да дақылдар өсіретін шағын ұжымшарда егіс-дала жұмыстарының бәрі дерлік қолмен атқарылатын. Мәрзия апамыз ауыртпалық атаулыға қайсар рухын қарсы қоя отырып, өмір үшін күресті, өз қатар-құрбыларын қалыспай, кетпен арқалап, арық қазады. Қиындықтың неше түріне төзе білген ол, жұмысқа деген ынтасымен, үлкендердің алдын кесіп өтпейтін иба-ілтипаттымен тез-ақ танылды. Диканшылықтың өте ауыр тірлігіне көндікпейтінде қант қызылшасын өсіру қолға алынып, нағыз бейнетті күндері басталды. Алайда, жаңа істі тез-ақ игеріп алып, өзгелерге үлгі бола білді. Маңдай терін тамшылата төгіп, баптаған алқабын көріп, дән риза болатындардың бірі — Дариға Жантокова еді. Екеуін көп нәрсе байланыстыратын. Ауылға бір жылда келін болып түскен екеуінің тағдырлары да ұқсас-ты. Мойынқұмның жиегіндегі Ақжар ауылында өскен Дариға апамыз осы ауылдағы Балатай деген жігітке тұрмысқа шыққан. Ол ұжымшар төрағасының орынбасары, кейін төрағасы болып қызмет атқарған.

Ал, Мәрзия апамыз тағдырын байланыстырған Ташболат Ибрагимов өзіндей бір үйдің жалғызсы болатын. Оның отбасында анасы және оның ашаршылықта барлық туыстарынан айырылып, жалғыз қалып, өкпесінің қолына келген сіңлісі бар екен. Екі әкесі



де таңның атысынан күннің батысына дейін алқапта жүретін келіндеріне жақсы қарайды. Мәрзия апамыз бұл туралы ризалықпен еске алып отырады.

Қант қызылшасын өсіруге төселіп қалғанда Ұлы Отан соғысы басталып, ауылдастарымен бірге Ташболат та майданға аттанады. Ал тұңғышын босаңған Мәрзия апамыз болса, белін бекем буынып қызылша даласына шығады.

Батыста соғыс жүріп жатқан сол бір қиын-қыстау күндерде шаруашылық жұмысының бар ауыртпалығы әйелдер мен қарттардың иығына артылғаны белгілі. Жұмыс күші жетіспейді. Еңбегі үлгі, төжірибесі мол Мәрзия апамыз звено жетекшісі ретінде «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен, уақытпен санаспай, жанкиярлықпен еңбек етеді. Күн шықпай алқапқа барып, қараңғылық қоюланғанда ғана үйге қайтатын әйелдер кетпегеніне қоса бір-бір құшақ отынын да арқалай қайтатын. Үй шаруасын тындырған соң түннің бір уағына дейін, сығырайған май шамның жарығымен жылы қолғап, шұлық тоқитын. Өйткені, майдандағыларға жылы киім жөнелту ауыл әйелдері үшін міндетті жұмыстардың бірі болды. Осы мақсатта әр үйдің жиналған соғыс салығының өтуіне жүн таратылатын. Мәрзия апамыз өзінің көптеген қыз-келіншектер сияқты тоқыған заттары соғысып жүрген ері Ташболатқа жетсе деп қиялдайтын.

Майданға жылы киім-кешек қана емес, азық-түлік те жөнелтіліп жатты. Ленинград қаласын қорғаушыларға облыс еңбекшілері 9 вагон азық-түлік жібергенде, өздері өсірген өнімнің алынған 800 центнер құмшекер де болғаны, осы оқиғаға арналған жиында майданға көмекті ұлғайта беру туралы міндеттеме алғандары әлі күнге Мәрзия апамыздың есінде қалған.

Келесі 1942 жылы ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Әбсамат Қазақбаев қызылшашылардың облыстық кеңесіне арнайы келіп, 1941 жылдың қорытындысында мол өнім алғандарды марапаттап, Құрмет грамоталарын тапсырды. Сол озаттардың сапында Мәрзия апамыз да болып, көпшілік алдында алған тұңғыш марапатының қуаныш-өсерін көпке дейін ұмытқан жоқ.

Соғыс жылдарының тағы бір жарқын естелігі-күйеуі Ташболаттың 1944 жылы ұрыс даласында ауыр жараланып, госпитальде ұзақ емделген соң екінші топтағы мүгедек болып елге оралуы еді. Оның келе жатқан хабарын жеткізген қызға мойнындағы моңшағын бергені, үйдегі жалғыз ешкісін сойып, құдайы тамақ тартқаны қалай ұмытылар? Аман-сау оралған соң Ташболат та шаруашылық жұмысына араласып кетті. Қатардағы ұжымшар мүшесі ретінде талай шаруаны атқарды, трактор жүргізген кездері де болды. Соғыс аяқталар жылы ұжымшарға Қостөбеге жақын Ақбұлым ауылында туып-өскен Мұқаметқали Нұрбаев төраға болып келді. Бұған дейін Жамбыл ауданы Ильич атындағы «Октябрь» ұжымшарын басқарып, оларды озат шаруашылықтар қатарына қосқан, Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып істеген екен.

М.Нұрбаев бас-аяғы бір жыл ішінде, шаруашылықты берісі республикаға әрісі Одақа танытты. Төжірибелі де іскер ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы «Қызыл жұлдыз» ұжымшарының жер жағдайын, ағын судың мол, қаладағы қант зауытына жақын орналасқанын, еңбеккерлерінің балтамыр өсіруде мол төжірибе жинағанын тиімді пайдалана білді. Озық технологияны өндіріске енгізуге, техникалық жаратануды жедел жүргізуге күш салды. Білікті, білімді мамандарды жұмысқа шақырды. Бас

агроном Мустапа Бұралхиев негізгі қызметіне қоса, Мәскеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) Жамбыл облысындағы өкілі болып істеген. Ғылыми жұмыспен көп айналысқан. Ауыспалы егістің жаңа әдісін ұсынып, оны шаруашылықтарда табысты қолданылған.

«Жақсы басшы — елге құт» деген гой. Оның арқа сүйер мамандары шетінен білікті, білімді болса істің өрге басқаны. 1947 жылы, ерте көктемде қызылшашы төрт құрбы - Дариға, Сындыбала, Қанымқыз және Мәрзия әрқайсысы төрт гектардан қант қызылшасын баптауға кірісті. Бригада жетекшілері соғыс кезінде еңбек армиясында болған Айтжан Бөгенбаев, майдан даласынан елге аман оралған кешегі жауынгер Керімбай Мырзақұловтар болатын.

Қызылшашыларды еселі еңбекке жұмылдырған тағы бір жәйт - сол жылы Одақ астанасы — Мәскеудегілер қант қызылшасын өсіруде әр гектардан

800 центнерден асыра өнім алғандарға Социалистік Еңбек Ері атағы берілетіні туралы Жарлық шығарғанды.

Атақты емес, жұмысты ғана ойлайтын Мәрзия апамыз бұл хабарға онша мән бере қойған жоқ.

—Бізді табысқа жетелеген намыс еді. Еңбек Ері болуды немесе жоғары марапат алуды ойға да алмадық. Жұмыста елден қалмауға ұмтылдық-дейді, сол күндерді еске алған Мәрзия ана.

Шындығы да осы болатын. Құрбыларынан қалысқылы келмеген Мәрзия апамыз күзде сүдігер жыртылуын қадағалап, қыста құл, көң төгіп, тыңайтқан алқабының әр сүйемін дерлік көз алдында ұстады десек болар. Ерте көктемнен бастап, қашан жиын-терім аяқталғанда балаларын үйіндегі екі әкесіне тапсырып, егіс басынан табылды. Жекелеу, арамшөбін отау, қатар аралығын қопсыту, жаз бойы суы қанық болуына көп қайрат-жігер жұмсады, звено мүшелерін де осыған жұмылдыра білді. Әсіресе, жаз бен күз алқапты көп суаруға маныз берді. Мұнсыз жақсы өнім болмасын төжірибеден түйгенді. Өйткені, бұл кезде балтамыр жақсы салмақ қосады. «Ырыс көзі-ылғал» дегенді бекер айтпайды.

Қоңыр күз де келіп жетіп, қызылша қазығы басталғанда Мәрзия апамыздың алқабында тәтті түбір тау-тау болып үйіліп жатты. Аршылғанын қолмен автомашиналарға тиіп, қабылдау орнына жөнелтудің басы-қасында Мәрзия апамыздың өзі жүрді. Қолына басы доғал айыр алып, автомашинаға тиесті. Өнімді жөнелту қағазы дұрыс толтырылуын бақылады. Үш дана етіп толтырылатын оның өзіне қалдырылғанын ұқыпты сақтады.

Соңғы үйкем тиеліп жөнелтілгеннен кейін көп ұзамай-ақ звеноның жыл бойғы еңбек нәтижесі де шығарылды. Әр гектардан 820 центнерден айналыпты. Бұл-рекордтық көрсеткіш еді. Құрбыларының көрсеткіштері де осы деңгейде. Тіпті, озандары да бар. «Жақсы хабар жерде жатпайды» деген. Шаруашылықтың данқы алысқа кетті.

Келесі жылдың көктемінде көптен күткен қуанышты хабар келіп жетті. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1948 жылдың 28 наурызындағы Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілген қазақстандықтар арасында «Қызыл жұлдыз» колхозынан звено жетекшілері Сындыбала Оңғарбаева, Дариға Жантокова, Қанымқыз Торбаева, Мәрзия Ибрагимова, бригада жетекшілері Айтжан Бөгенбаев, Керімбай Мырзақұлов, ұжымшар төрағасы Мұқаметқали Нұрбаев бар еді. Ал бас агроном Мустапа Бұралхиев Еңбек Қызыл Ту орденін алды.

Бір өзінен жеті бірдей Еңбек Ері шыққан «Қызыл жұлдыз» ұжымшарының атағы шарықтап, Одақтық, республикалық, облыстық, аудандық газеттер көлдей-көлдей мақалалар жарияланды. Алтын жұлдызды республиканың сол кездегі бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовтің өзі келіп тапсырды. Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласының ол тұстағы ең төуір мәдениет орны-теміржолшылар клубы болатын. Салтанатты жиналыс та осында өтті. Келесі, 1948 жылдың қоры-тындысында жоғары көрсеткішке жеткен жетегі де Ленин орденін алды. Осынау жоғары марапатпен өзге емес, КСРО Ауыл шаруашылығы министрі И.Бәндиктовтың өзі құттықтап, үкіметтік жеделхат жіберген мейрелерін тасытқан еді-ау. Шаруашылыққа осы министрдің орынбасары, Кеңес Одағының даңқты маршалы С.М.Буденныйдың 1948 жылы арнайы келіп танысып кеткені де бар.

Араға жыл салып шаруашылықтағы Еңбек Ерлерінің саны екі адамға өсіп, бригадир, соғысардагері Рүстем Шөпенов

пен қызылшашы, ұлты қарашай Пәтия Шидакова өңірлеріне алтын жұлдыз тақты.

Тоғыз еңбеккері бірдей алтын жұлдызды болған «Қызыл жұлдыз» ұжымшарының данқы кейінгі жылдары да алысқа жетіп жатты. Мәрзия апамыз да шыққан биігінен еш төмендей қойған жоқ. Ол жылдары озат еңбеккерлерге көрсетілер құрметтің бірі - Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне (ВДНХ) жолдама беру болатын. 1952 жылы осындай құрметке ие болған Мәрзия апамыз Мәскеуден аталған көрменің күміс медалін алды.

Ұзақ жыл қажырлы еңбек ете жүріп Мәрзия апамыз шаруашылықтың бітпейтін жұмыстарына өзінің үлесін қосқан ері Ташболат екеуі отбасында екі ұл, үш қызды тәрбиелеп өсірді. Бәрі де заманына сай білім алды, өмірден өз орындарын тапты. Ең үлкендері Рахматулла ұстаздық етсе, Ерғешбайы дәрігер-хирург болды. Қыздары Нарбүбі, Гүлнара, Айсаралар да әр салада еңбек етуде. Немере, шөберелері де желжілдеп өсіп келеді. Соғыс тозағынан өткен жолдасы Ташболат 1996 жылы қайтыс болды.

Жасы жетіп, зейнеткерлікке шыққан соң Сындыбала және Дариға құрбысымен бірге аудан, облыс, республика өмірінен сырт қалмай, талай шараларға қатысты. Әсіресе, республиканың Д.А.Қонаев, облысты А.Асқаров басқарған жылдары бұларға көрсетілген құрмет-қошамет аз болған жоқ. Бірде Дариға апамызбен бірге сол кездегі ел астанасы —Алматыға барып, Қазақстанның барлық түкпіріннен келген таңдаулы еңбеккер аналар бас қосқан «дөңгелек үстелге» қатысқаны, сонда журналистерге өздерінің еңбек жолдары туралы кенінен әңгімелей беріп, сонында соғыс кезінде егіс басында майданға кеткен ерлерін сағынып, шырқаған әндерін екеуі қосылып салып, жиналғандардың алғысын алғандары бар.Бірге жүріп, біге қайнасып, бірге өмірдің қуаныш-қызығын көрген қос құрбының жетпіс, сексен, тоқсан жылдық тойлары аудан, облыс көлемінде аталып өтті.

Аяулы Дариға құрбысы туралы жастарға сыр айта қалса, Мәрзия апамыз Колбин республика башылығына келгенде қуғындаған ел ардақтылары- Дінмұхамед Қонаев пен Асанбай Асқаровтарға араша түскен қамбылдық ардагерлердің сапында жүрген күндерін еске алады.

Ел тілегін жеткізгендері текке кеткен жоқ. А.Асқаров ақталып, ел ортасына оралды. Кейін Д.Қонаев та, А.Асқаров та аға-апаларымызды естерінен шығармай алғыс айтып жүрді.

Ұлы адаммен бірге түскен суретті апамыздың қастерлеп, сақтап келе жатқанында осындай сыр бар. Қарттықты өдетте, адамның алтын күзіне теңейді. Өмірінің осы кезеңінде құрметке бөлену бақыты көп еңбек еткендерге бұйыраы ақиқат нәрсе. Кезінде еңбегімен елге танылып, аудандық, облыстық Кеңестерге бірнеше мәрте депутат болып сайланған Мәрзия апамыздың есімі облыс тарихына қатысты іргелі жындылар өте қалса биік мінберден аталмаған кезі жоқ дегуе болады.

Еңбекпен шыңдалған, оқымаса да тоқығаны көп, салауатты өмір салтын ұстанатын апамыз бертінге дейін денсаулығына шағым айтып, аурухана есігін ашып көрмейтін. Алайда, өмір болған соң, қуанышы мен қайғысы алмасып тұрады гой. 2005 жылы сүйікті ұлы, елге танымал дәрігер-хирург, үлкен отбасының иесі Ерғешбай Ибрагимов қайтыс болып, бұл қаза апамызға ауыр тиді. Сол кезден бері жүрегі сыр беріп, ауруханаға жатқан кездері болды.

Уақыт бөріне емші. Апамыз үшін өзіне, еңбегіне деген ел құрметі ортаймай келе жатқанын сезіну үлкен демеу. «Қызыл жұлдыз» ауылындағы көше мен балабақша апамыздың атында. Аудан орталығы Сарыкемер ауылында «Батырлар аллеясы» бар. Бұл жерге ауданнан шыққан 27 Социалистік Еңбек Ерінің сапында Мәрзия апамыздың да суреті ілулі тұр.

Сегіз мүшел — аз жас емес. Осындай белесті еңсерген Алтын жұлдызды апамыздың алдағы мүшелтойын өткізу - көп жасаған ананың өмірі мен еңбек жолын насихаттау, ата-баба достарын құрметтеу, ұрпақтар сабақтастығының жарқын өнегесін таныту дегуе болады. Осы арқылы біз елдігімізді, ерлерімізді дөріттеп, жас ұрпаққа лайықты тәрбие береміз, оларды адал еңбек етуде, туған елі мен жерін құрметтеуге баулып, үйретеміз емес пе?!

Иә, алтын жұлдызды анамыздың тойы - еңбек тойы, елдің тойы.

Ұрпақтарымыздың мейір-шапағатына бөленіп, халқыңызбен бірге жасай беріңіз, Мәрзия ана!

БАЙЗАҚ ЖЕРІ ЕРЛЕРІМЕН КӨРІКТІ ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР

С.СЕЙДУМАНОВ.

Қазақстан Республикасы Мәжілісі Парламентінің депутаты, социология ғылымының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, «SOS Children's Villages Kazakhstan».

Аса құрметті Мәрзия апай!

Сізді 98 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – жүздің шыңына шығып отырған Сізді, көпшілік мемлекетіміздің қайраткері, ғұмырын туган жеріне арнаған зиялы азаматша ретінде таниды. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, Қазақ халқының игілігіне бөленіп, құтметтің ең қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас. Бұл жылдар сіздің жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезеңдер болды. Қоғам игілігіне бағыттал отырған ерен еңбектеріңіз еліміздің нығаюына өзіндік үлес қосты. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмысын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!

Өмірдің жазынан, күзінен,
Әр батқан кеш сайын, таң сайын,
Шұғыла нұр шашқан жүзінен,
Болыңыз Сіз ел сыйлар занышайм.

Бұйырған маңдайдың бағына,
Бір Сізге – құт пенен дәулет те.
Ақ сәуле төгетін біздерге,
Жұлдыз боп тудыңыз әулетке.

Қожахан ЖАБАҒИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты, Байзақ және Шу
аудандарының Құрметті
азаматы.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Бірақ өткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік өркімнің өмірінде өркілі болары анық. Оны сырт көз өздеріңше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр көшкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

Шыңдығында, тарихы кенен, тағылымы терең Байзақ елі – талай туымды тұлғалардың тұзыры болған мекен. Адал еңбегімен, адамгершілік қадір-қасиетімен халқының жүрегінен орын алған осындай жанның бірі де бірегейі, тұлғардагері, Еңбек Ері Мәрзия Рысбайқызы Ибрагимова.

Ерен еңбегімен ел дәулетін

тасытуға елеулі үлес қосқан ардақты ағамыз бүгінде 98 жасқа толып отыр. Мәрзия Рысбайқызы, Сізді сегіз мүшел-98 жасқа толған мерейлі туған күнігізбен шын жүректен құттықтаймын. Бұл белесті бағындыру үлкен бақыт. Сіз-есімі елге өйгілі Еңбек Ері, аудан, облыс, тіпті республикаға танымал тұлға, қазыналы қариясыз.

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың бірі бір белесі – 98 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. «Қарты бар ел – қазынасы бар ел» – деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз.

Құрметті Мәрзия апа! Сізді жан жүрегімнен құттықтап, мерекелі мерейтойда Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілеймін! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын дегім келді.

Аса қадірлі Мәрзия апай!

Сіздің даңқты еңбек жолыңызды, онегілі өмір белестеріңізді біз мақтан етеміз. Жұмырмасыншы жасыңыз, небір алапай қиындықтарың көзбен көрдіңіз, бастап өткердіңіз. Сіздің жеңіз салақай саясайтың, құрбаны болып, тәркілерге ілікті. Тіптіме жабылып, ізсіз кетті, анаңыз және бауырларыңыз ашаршылықтың құрбаны болды.

Рухыңыздың мықтылығыңыз, еңбекқорлығыңыз бен табандылығыңыздың арқасында Сіз өмірден өз орныңызды таба алдыңыз. Жарыңыз Ташболат екеуіңіз ұзақ және бақытты өмір сүргіңіздер, 5 бала өсіріп, тәрбиеледіңіздер.

Сіздің есіміңіз біздің облысымыздың тарихына алтын әріппен алқапшан-ақ жазылып қойылған. Байзақ ауданының «Қызыл жұлдыз» колхозында бар саналы ұжымныңызды қызылша өсіруге бағыштадыңыз. Әр жылдарда қолыңыздан кеткеніңіз түспей жүріп, қақтыппен санаспай еңбек етіп, рекордтық көрсеткіштерге қол жеткіздіңіз. Сіздің еңбегіңіз Кеңес өкіметі тарапынан жоғары бағаланды. 1948 жылы өзіңіздің аяқтық жерлестеріңіз Қанымқыз Тортөбе, Сыңырбала Оңғарбаева, Дариға Жантоқова және басқаларымен бірге Социалистік Еңбек Ері атағын алдыңыз. Сіздің омырауыңызға Кеңес Одағының ең жоғары наградалары тағылды.

Бүгінде сегіз мүшел жастың арыққа тастап, жасылық белеске аяқ басқан шағыңызға Түпелсіз Қазақстанныңыздың қарыштап қамын, шірдеңің көркейгенін, арытыңыздан өркен бір қауым ұрпағыңыздың өсіп-өнгенін көзіңізбен көрген бақытты Ана, асыл Әжесіз.

Мәрзия апай! Еліңіз аман, жұртыңыз тыныш болып, халқыңыздың бірлік-берекесі бақытты өмірі мен ұрпағыңыздың қызығын көріп, жасай беріңіз!

Құрметпен: облыстық ардагерлер кеңесі.

ӘДҮЙСЕНБАЕВ,
Қызыл жұлдыз ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.

